

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 256 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 1 маусымда № 6988 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.01.2024 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.01.2024 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.01.2024 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2011 жылғы 19 мамырдағы
№ 256 бұйрығымен
бекітілген
нысан

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.01.2024 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____ № _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

"Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Сізге

_____ хабарлайды.

(биотын нарығына қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі

_____ биотын айналымы саласында жол берілген, 20__ жылғы " __ "

_____ анықталған бұзушылықтар туралы _____

_____ хабарлайды.

(бұзушылықтың мазмұны)

Заңның 22-бабына сәйкес биотын нарығының қатысушысы, осы хабарлама табыс етілген (алынған) күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде орындауға міндетті. Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы бар қосымша ___ парақта.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы (Басшының орынбасары)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)) (қолы)

Мөр орны

Хабарламаны алдым _____

_____ (биотын нарығына қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, қолы, күні)

Хабарлама тапсырылды _____

_____ (биотын нарығына қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, қолы, күні)

_____ (мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы, күні)

Хабарлама биотын нарығының қатысушысына жіберілді

Мекенжайы:

(жіберу және (немесе) алу фактісі туралы растайтын құжат)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ